

## 8-САБАҚ ДӘРІГЕР ШАҚЫРУҒА БОЛА МА?

🎧 1. Тыңдаңыз, есте сақтаңыз.

есеп

жас

мекенжай

учаскелік дәрігер

созылмалы ауру

келу

күту

тіркеу

шақыру

басталу



45

## 8-САБАҚ

🎧 2. Тыңдаңыз, есте сақтаңыз.

Мекенжайыңыз қандай?

Дәрі ішті ме?

Баланың жасы нешеде?

Балаңыз құсты ма?

Созылмалы ауруы бар ма?

Дәріге аллергиясы бар ма?

Ыстығын соңғы рет қашан өлшедіңіз?

Балаңыз екпе алды ма?

📄 3. Үлгінің көмегімен тиісті сұраулық шылауларды қойып жазыңыз.

Созылмалы ауруы бар ма?

ма? ме?

Балаңыздың ыстығын өлшедіңіз \_\_\_\_?

Дәрі бердіңіз \_\_\_\_?

ба? бе?

Тамағын шайдыңыз \_\_\_\_?

Баланың дәріге аллергиясы бар \_\_\_\_?

па? пе?

Есепте тұрсыздар \_\_\_\_?

46



## 4. Сұқбатты оқыңыз.

– Алло, сәлеметсіз бе!

– Алло, сіз тіркеу бөліміне хабарласып тұрсыз.

– Балам ауырып жатыр. Дәрігер шақыруға бола ма?

– Мекенжайыңыз қандай?

– Ерубаев көшесі, 19-үй, 25-пәтер.

– Жасы нешеде?

– 14-те.

– Балаңыз қалай ауырып жатыр?

– Құсып жатыр, ыстығы бар.

– Ыстығын соңғы рет қашан өлшедіңіз?

– Жарты сағат бұрын.

– Қазір 10-15 минутта учаскелік дәрігер барады.

– Рақмет, күтеміз.



## 5. Сұқбат бойынша сұрақтарға жауап жазыңыз.

1. Мекенжайы қандай?

3. Қалай ауырып тұр?

2. Баласының жасы нешеде?

4. Ыстығын соңғы рет қашан өлшеді?



## 6. Берілген сөз орамдарының көмегімен сұқбаттасыңыз.

Мекенжайыңыз қандай?

Баланың жасы нешеде?

Ыстығы бар ма?

Жасы нешеде?

Есепте тұрсыздар ма?

Созылмалы ауруы жоқ па?



## 7. Тыңдаңыз, жазыңыз.

---



---



---



---



---